



**Автор:** Кауканова Айнур Жанболатовна

**Пән:** География

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Физикалық география/Гидросфера

**Тақырып:** Гидросфера және оның құрамдас бөліктері

Сабақ мақсаттары	<input type="checkbox"/> Гидросфераның құрамдас бөліктерін анықтайды, су айналымдарын талдайды; <input type="checkbox"/> графиктер салу дағдыларын дамытады.
Жетістік критерийлері Дағдылар: түсіну,білімін қолдану,талдау, бағалау	<input type="checkbox"/> Гидросфера құрамын түсінеді; <input type="checkbox"/> Гидросфераның құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерін сипаттайды <input type="checkbox"/> Гидросферадағы су айналымын талдайды <input type="checkbox"/> Графикалық түрде өңдейді <input type="checkbox"/> Құрлық сулары мен мұхиттарды анықтауда картаны қолдана алады; <input type="checkbox"/> Гидросфераның маңызын талдайды <input type="checkbox"/> Гидросфераның құрамдас бөліктерінің маңыздылығына баға береді.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-5 мин)	- Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Ынтымақтастық атмосферасын құру. «Шаттық шеңбері» Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді. Сабақ мақсатымен, тапсырмалармен және жетістік критерийлерімен танысу. Топқа бөлу “Мұхиттар” Оқушыларға 4 мұхит және сол мұхиттарға құятын өзендер жазылған қағаз таратылады. Оқушылар парақшада жазылған өзендер арқылы мұхит тобына жиналады. Егер оқушы өзеннің қай мұхитқа құятынын білмесе картамен, атласпен жұмыс жасауға уақыт беріледі. Сыныптастарынан көмек сұрауға да болады. Әр топ өз аттарымен аталатын мұхиттарды картадан көрсету қажет. 1-топ Үнді мұхитын картадан анықта? 2-топ Тынық мұхитын Картадан анықта 3-топ Солтүстік мұзды мұхитын анықта 4-топ Атлант мұхитын картадан анықта	<a href="http://sk.nis.edu.kz/">http://sk.nis.edu.kz/</a> презентация Слайд 2

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (5-33мин)	<p>Оқушылар топтасып болған соң түсініктерін қалыптастыру мақсатында сұрақтар қойылады. 1. Табиғатта үш күйде кездесетін зат 2. Гидросфера дегеніміз не? Слайд көрсету Мәтінмен жұмыс Мәтінді «Түртіп алу» әдісі арқылы талдайды. □ белгілі + жаңа ақпарат ? түсініксіз - Мәтінді оқу барысында оқулыққа белгілеу үшін қарындаш қолданылады. - Әр сөйлемді оқып отырып шартты белгілермен белгілейді. - Егер оқыған ақпарат бұрыннан білетін ақпарат болса құс белгісі(v) қойылады; - Егер оқыған ақпарат жаңа болса оң (+) таңбасы қойылады. - Егер оқу барысында ақпарат түсініксіз болса (?) белгісі қойылып, оқушылар мәтінді соңына дейін оқып шығады. Талдау барысында оқушылар шағын топтарға бөлініп өздеріне таныс және таныс емес ақпараттарды талдайды. Топтың ішінде оқушылар өзара бір-біріне түсіндіріп көмек береді. Әр топ постр қорғаиды, деңгейлік сұрақтар беріледі 1.деңгей сұрақтары: 1.Д.ж кіші және үлкен су айналымы деген не? 2.гидросфераның құрамдас бөлігінің екеуіне сипаттама бер 3.көл мен өзен суларының адамдарға маңызы 4.гидросфера суларының ара салмағы 5.су айналымының жүзеге асуы неге байланысты? 2-деңгей сұрақтары 1.судың қасиеті 2.кіші су айналымы 3.Үлкен су айналымы 4.картадан гидросфера бөліктерін көрсет 5.Картадан солтүстік мұзды мұхит алабына жататын өзендерді көрсет 3-деңгей сұрақтары 1.жерасты суына не жатады 2.Жер үсті суына не жатады? 3.3 күйде кездесетін зат 4.конденсация дегеніміз не? 5.судың маңызыДискрипторлар Деңгейлік сұрақтарға жауап береді, постер қорғауғақатысады Құрлық суларын презентациядан таныстырып, бейне роликкөрсету. Мұғалімнің түсіндіруі Бейне материалдарды көру арқылытөмендегі сұрақтарға жауап беріңдер: Өзен дегеніміз не? Өзендер қалайқоректенеді? Ғаламшардағы өзендердің маңызы қандай? Ол өзендерқандай мақсатта пайдаланылады. Көл дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады? Қазақстанда қандай көлдер бар? Көлдерді адамзат қандай шаруашылққапайдаланды? Жер асты суларының графикалық түрін сипаттаңдар?Мұздықтардың маңызы қандай? Дискрипторлар: - Оқушы бейне роликтенгидросферадағы су айналымын түсініп, сипаттай алады. - Гидросфераныңбайланысын анықтап, сұрақтардың 8-не жауап бере алады. Тап ойыныГидросфера Кіші су айналымы Үлкен су айналымы Өзен Көл Жер астысулары Жер үсті сулары Мұздықтар Конденсация Гидросфера бөліктеріСудың қасиеті Дискрипторлар Аталған объектілерді тапты, түсіндірдіФайнворд әдісі . Оқушылар берілген жәшікшелердің ішінен гидросферағақатысты атаулар мен терминдерді анықтайды. Анықтаған ірі өзендер менкөлдерді картадан анықтап құрлықтар бойынша топтастырыңдарДискрипторлар: - Оқушы гидросфераға қатысты атаулар мен терминдердітаба алады. - Анықтаған ірі өзендер мен көлдерді картадан анықтапқұрлықтар бойынша топтастыра алады. Ғаламшар үшін гидросфераныңмаңызын бағалаңдар • Адамзатқа • Өсімдіктерге • Жануарларға</p>	Слайд 3-4 Карта, атлас Слайд 7-9 Слайд 6 10-20 слайд Слайд 17 Слайд 21
Сабақтың соңы (34-40мин)	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: бүгінгі сабаққа кері байланыс береді. Стикерге ойын жазады	